

**Ойыл ауданы, Қаратал ауылы,
Шығанақ Берсиев атындағы орта мектеп
жанындағы балабақша педагогы
Өтетілеуова Бекзада Асқарқызының
«Мектепке дейінгі балалардың грамматикалық
формасын қалыптастыру жолдары»
тақырыбындағы әдістемелік құралына**

П І К І Р

Қазақстан Республикасының білім беру жүйесін әрі қарай дамыту, жетілдіру қазіргі қоғам талабы. Жаңартылған білім беру жүйесінің басты міндеті қоғамға қажетті құзыреттілігі қалыптасқан тұлғаны дамыту болса, ол өз ана тіліндегі сөйлеу мәдениеті компоненттерін дамытудан басталады. Бұл міндеттер мектепке дейінгі балаларды оқыту мен тәрбиелеуде қатаң ескеріледі. Сондықтан білім берудің әдістемелерін, бағдарламаларын жанарту, жаңғырту педагогтардың негізгі міндеті.

«Мектепке дейінгі балалардың грамматикалық формасын қалыптастыру жолдары» тақырыбындағы дайындалған әдістемелік құралда мектепке дейінгі балалардың сөйлеу мәдениетін қалыптастырудың мүмкіндіктері жан-жақты талданған. Сөйлеу – адамның бір-бірімен қатынасында ойын, еркін, сезімін білдіріп жеткізу үшін тілді қолдану үрдісі. Балалардың сөйлеу тілі өздігінен пайда болмайды. Ол жүйелі, арнайы мақсатты жұмыстарды талап етеді. Олай болса, аталған еңбектің мазмұнында балалардың сөйлеуінде жиі кездесетін грамматикалық қателіктер және олардың пайда болу себептері, оны түзету жолдары мен дамыту жаттығулары, педагог ескеретін мәселелер қарастырылған.

Әдістемелік құралда ұсынылған жаттығулар педагогтармен қатар ата-аналар үшін де құнды, қажетті материал болып табылады. Сол себепті Өтетілеуова Бекзада Асқарқызының «Мектепке дейінгі балалардың грамматикалық формасын қалыптастыру жолдары» тақырыбындағы әдістемелік құралы мектепке дейінгі мекеме мұғалімдері үшін маңызы зор құрал болмақ.

Пікір беруші:

Баишев атындағы Ақтөбе университетінің
доценті, П.Ғ.К.



«Баишев Университеті»
мекемесі
Токжанова А.М.
қолын куәландырамын
ҚҚБЖҚЖ департамент

Ойыл ауданы, Қаратал ауылы
Ш.Берсиев ат. ОМ. Жанындағы балабақша педагогы
Өтетілеуова Бекзада Асқарқызының
«Мектепке дейінгі балалардың грамматикалық
Формасын қалыптастыру жолдары»
тақырыбындағы әдістемелік құралына

Пікір

Н.Ә.Назарбаев өз Жолдауында Қазақстан Республикасының Білім беру жүйесін әрі қарай дамыту, жетілдіру қазіргі қоғам талабы екендігін нақты көрсеткен. Жаңартылған білім беру жүйесінің басты талабы қоғамға қажетті күзiреттілігі қалыптасқан тұлғаны дамыту болса, ол өз ана тіліндегі сөйлеу мәдениеті компоненттерін дамытудан басталады.

Мектепке дейінгі балаларды оқыту мен тәрбиелеуде қатаң ескеріліп, білім берудің әдістемелерін, бағдарламаларын жаңарту, жаңғырту қоғамдағы педагогтардың негізгі міндеті. Бүгінгі ұрпақ білімді болса, ел ертеңі жарқын болмақ.

«Мектепке дейінгі балалардың грамматикалық формасын қалыптастыру жолдары» мектепке дейінгі балалардың сөйлеу мәдениетін қалыптастырудағы қажетті деп есептелетін әдістемелік құрал болып табылады.

Мазмұнында балалардың грамматикалық формасын қалыптастыру, грамматикалық қателік болу себептері, дамыту жолдары, педагог ескеретін мәселелер, дамыту жаттығулары алынған. Бұл жаттығулар бала тәрбиесіндегі ата-ана мен педагогтар үшін өте тиімді материал болып есептеледі.

Құрастырылған әдістемелік құралы мектепке дейінгі ұйымдардың тәрбиешілеріне арналған.

Ақтөбе облыстық ғылыми-тәжірибелік
орталығының әдіскері

 М.Т.Мурзагулова




АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫНЫҢ БІЛІМ БАСҚАРМАСЫ

**АҚТӨБЕ ОБЛЫСТЫҚ
ҒЫЛЫМИ-ТӘЖІРИБЕЛІК ОРТАЛЫҒЫ**

Өтетілеуова Бекзада Асқарқызы

**МЕКТЕП ЖАСЫНА ДЕЙІНГІ БАЛАЛАРДЫҢ
ГРАММАТИКАЛЫҚ ФОРМАСЫН
ҚАЛЫПТАСТЫРУ ЖОЛДАРЫ**



Ақтөбе-2019

АҚТӨБЕ ОБЛЫСТЫҚ БІЛІМ БАСҚАРМАСЫ
АҚТӨБЕ ОБЛЫСТЫҚ ҒЫЛЫМИ-ТӘЖІРИБЕЛІК ОРТАЛЫҒЫ

ҚОҒАМ
ӘДІС
БІЛІМ

**МЕКТЕП ЖАСЫНА ДЕЙІНГІ БАЛАЛАРДЫҢ ГРАММАТИКАЛЫҚ
ФОРМАСЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ ЖОЛДАРЫ**

АҚТӨБЕ – 2019

Ақтөбе облыстық ғылыми-тәжірибелік орталығы бөлімінің ғылыми-әдістемелік кеңесінде қарастырылып, баспаға ұсынылды.

Құрастырған: Ойыл ауданы, Қаратал ауылы, Ш.Берсиев ат. ОМ жанындағы балабақша педагогы Өтетілеуова Бекзада Асқарқызы.

Пікір берушілер:

М.Т.Мурзагулова – Ақтөбе облыстық ғылыми- тәжірибелік орталығының әдіскері

А.М.Токжанова- С.Баишев атындағы Ақтөбе университетінің доценті,п.ғ.к.

Әдістемелік құралда ұсынылған жаттығулар мектепке дейінгі балалардың сөйлеу мәдениетін қалыптастырудағы қажетті материал болып табылады. Балабақша және шағын орталық тәрбиешілеріне көмекші құрал ретінде пайдалануға болады.

КІРІСПЕ

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» заңында мемлекеттік саясаттың негізгі принциптерін және Қазақстан Республикасы азаматтарының білім алуға конституциялық құқығын қамтамасыз ету ережелеріне сәйкес мектеп жасына дейінгі балалардың тұлғалық дамуын қамтамасыз етіп мектепке дайындауға бағытталған білім беру жолдарына сүйене отырып мектеп жасына дейінгі балалардың тілдік дамуының ерекшеліктерін негізге алу.

«Білім туралы» Заңды мектепке дейінгі ұйымдарда жүзеге асыруда Қазақстан Республикасы үкіметінің қаулысы және мектепке дейінгі ұйымдардың үлгі ережесі, базистік оқу жоспарларымен бірге бірқатар нормативтік-құқықтық құжаттар дайындалып жарық көруде. Құжаттарда мектепке дейінгі жастағы балалардың тілінің дамуына, жан-жақты ой-өрісі, дене бітімі, сөйлеу мәдениетінің дамуына жағдай жасау қажеттігі атап көрсетілген

Мектепке дейінгі балалардың дамуының негізгі көрсеткіші тілінің дамуы, соның ішінде грамматикалық формасының қалыптасуы негізгі міндеттердің бірі болып табылады. Қазіргі мектепке дейінгі балаларда грамматикалық тілдің даму ерекшелігі жас кезеңдеріне сәйкес келмеу мәселесі өзектілердің бірі болып табылады.

Жоғарыда айтылған негізгі, көкейкесті мәселелерді отбасында, балабақшада жүзеге асыру үшін келешекте кезек күттірмейтін іс-шаралар ұйымдастырылуы шарт.

Тілінен айырылған ұлт дүниеде ұлт болып жасай алмақ емес, ондай ұлт құрымақ. Ұлттың ұлт болуы үшін бірінші шарт—ана-тілі болуы қажет. Ұлттың тілі кеми бастауы ұлттың құри бастағанын көрсетеді. Ұлтқа тілінен қымбат нәрсе болмасқа тиісті. Бір ұлттың тілінде сол ұлттың жыры, тарихы, тұрмысы, мінезі айнадай ашық көрініп тұрады. Қазақ тілінде қазақтың сары сайран даласы, біресе желсіз түндей тымық, біресе құйындай екпінді тарихы, сары далада үдере көшкен тұрмысы, асықпайтын, саспайтын сабырлы мінезі - бәрі көрініп тұр.

Әрине, тіл - әр ұлттың қасиетті белгісі, анасындай асыл, қымбат дүниесі. Ұлы Мұхтар Әуезов: «Бұл дәуірде өз ана тілін, әдебиетін білмеген, қадірлемеген адам, толық мәнді интеллигент емес деуге болады. Себебі, ол қандай мамандық білімі болса да, рухани, ой тәрбиесінде сыңаржақ азамат болады», - деген ой түйген.

Тіл - рухани байлықтың қайнар көзі. Неғұрлым тілді терең ұғып, терең түсінсең, соғұрлым қоршаған ортаға деген көзқарасыңның молайып адамдарға ілтипатың өсіп отырады. Сол себепті мектепке дейінгі балалардың өз ана тілінде грамматикалық сөз формасын қалыптастыру отбасы мен мектепке дейінгі ұйым педагогтарының жүйелі, бірізді сабақтастық байланыс нәтижесінде жүзеге асатындығын дәлелдеу.

Әдістемелік құралдың мақсаты – мектеп жасына дейінгі балалардың өз ана тіліндегі сөйлеу мәдениетін, грамматикалық формасын дамыту жолдарын іздестіріп, жас ерекшеліктеріне сәйкестендіру.

Міндеттері:

- балаларда грамматикалық форманың даму ерекшеліктерін зерттеу
- балалардың грамматикалық қателіктерін түзету формаларын анықтау
- әр жас топтарында грамматикалық форманы қалыптастыру жолдарын қарастыру

Мектеп жасына дейінгі балаларда грамматикалық форманың даму ерекшеліктері

Грамматикалық мағыналар сөз тілді түсіну үшін оны құрайтын сөздердің лексикалық мағыналарын білу аз, сонымен бірге осы сөздердің арасындағы грамматикалық қатынастарды түсіну керек. Мысалы, бала лексикалық мағынаны, яғни алма ағашы, отырғызу сөздерінің тілден тысқары болмыспен арақатынасын білу мүмкін, алайда Алма ағашы отырғызылды немесе Алма ағашын отырғызады деген сөйлемдердің құрамында жұмсалып тұрған грамматикалық мағыналарды білмейді (предикатты, яғни баяндауыштық қатынастарды білдіретін зат есімнің атау септігі мен ырықсыз етістің немесе толықтауыштық, заттық қатынастарды білдіретін зат есімнің табыс септігі мен етістіктің 3-жағының келер шақ формаларының мағынасын түсінбейді). Егер балаға грамматикалық тұлғаның мағынасы түсініксіз болса, ол сөйлемдегі айтылған ойды да түсінбейді.

Ана тілінің грамматикалық мағыналарын үйретудің қиындығы мынада: бұл мағыналарды оқытушының өзі (ана, тәрбиеші, кейде тіпті мектептегі мұғалім) жете түсінбейді және оларды ана тілін табиғи қабылдау процесінде меңгеріп, интуициялық жолмен қолданады.

Грамматикалық мағыналарды меңгерудің өзі (интуициялық, жеткіліксіз дәрежеде) адамды ойлана білетін етеді. [1,6]

Мұнда оқытушының (ананың, тәрбиешінің, мұғалімнің) ең маңызды қамқорлығы балалар ана тілінің грамматикалық тұлғаларының бәрін де мүмкіндігінше ертерек естіп және олардың саналарына біртіндеп ене беруін қамтамасыз етуге бағытталуы керек деген қорытынды шығады. Ана тілдің грамматикалық мағыналарын түсіну жас жеткіншекке ақыл кіру және оның дамуы процесі болып табылады. Бұл процесс санадан тыс жүретінін қайталап айтамыз. Алайда, егер бұл процесс нашар оқытылу арқылы бәсеңдетілетін болса, баланың ақыл-ойының өсуі шектеліп қалады. Мектепке дейін ана тілінің грамматикалық құрылысын үйренбеген бала нашар оқиды, өйткені ол мектепте оқылатын болмыс құбылыстарының арасындағы байланыстар мен қатынастарды түсінуге қабілеті жетпейді.

Грамматикалық мағыналарды үйрену процесінде балада грамматикалық дағдылар қалыптасады.

Амал қанша, біздің әдістемеде балалардың грамматикалық мағыналарды үйренуі үстінде оның артта қалу жағдайын қалай ертерек анықтауға болатыны туралы ешқандай нұсқау жоқ. Біз бұл қолайсыз жағдайды бала әбден мектепке барып, қашан 1 кластың сабағын меңгеруге қабілеті жетпей қалғанда ғана сеземіз және ол кезде бұл қателікті түзетудің өзі қиын.

Бірақ сөз тудыру мен сөз түрлендіру процесіндегі баланың грамматикалық қателерін түзету құралдары жеткілікті түрде талдап зерттелген. Бұл қателер грамматикалық мағыналарды үйрену процесін қалыпты жүретінін, бала өз ана тілінде қаншалықты грамматикалық мағыналар болатынын біліп алғанын және оған сол грамматикалық мағыналарды бейнелейтін үлгілерді жеткізген өз тәрбиешісінің педагогтық талантының шама-шарқына байланысты мөлшерде біліп шыққанын көрсетеді. Тілдегі грамматикалық формаларды түсіну (интуициялық) жолына дер кезінде бағытталмаған бала көбіне үндемей отыра бергендіктен мұндай қателерді болдырмайды.[3] Балалардың тіліндегі қолданылып жүрген грамматикалық формаларды олардың түсінетіндігін, алайда оларды сөйлеу кезінде қалай жұмсауды әлі есте сақтай алмағандығын, тілдік нормаларды әлі үйренбегендігін көрсететін грамматикалық қателерден мысалдар келтірейік.

Сөз тудырудағы грамматикалық қателер. Балалар өздерінің үйренген сөздеріне ұқсас өзіндік сөздер жасап алады. Мысалы:

Сиыршы сөзіне ұқсату арқылы: «машинашы» – «Менің папам машинашы»(3жас 8ай); «циркші»- «Клубқа циркшілер келді»(3жыл 8ай); «шофершы»- «Шофершы машинасынан түсті»(3жыл 10ай);

Тракторист сөзіне ұқсату арқылы : «комбайнист»- «Комбайнист егін орып жүр»(5 жас); «Электрист»- «Электристің резина қолғабы бар» (4 жас);

Қыстық сөзіне ұқсату арқылы: «көктемдік» – «Мамам маған көктемдік киім сатып алып берді»; «балалық» – «Біздің үйде балалық кішкене үстел бар».

Мұндай мысалдарды көптеп келтіре беруге болады: өз сөзін «шығармай»дұрыс дамыған бала кемде-кем.

Ересек адамдар баланың бұл жаңа сөздерінің грамматикалық мағыналары сол жай ғана себепке қатысты екенін дұрыс қалпында түсінеді, шын мәнісінде мұнда мағына жағынан грамматикалық қате жоқ та : жұрнақтар толығымен ойдан шығарылған, олардың білдіріп тұрған мағынасы ғана дұрыс; мұндағы қате сол, балалар бұл жұрнақтардың әдеби тілде қандай түбірлік морфемалармен бірге келетіндерін есте сақтай алмаған.

Сөз түрлендірудегі грамматикалық қателер. Балалар сөйлегенде сөзді әдетте септеудің немесе жіктеудің өнімді типі бойынша өзгертеді, ал өнімсіз типті олар әдетте кейінірек үйренеді және де егер оларға мұндайда дер кезінде көмек бермесе, сөз түрлендірудегі қателер оларды түзету әлде- қайда қиынға соғатын кезге, яғни мектепке дейін «ілесіп барады»

Сөз түрлендірудің өнімсіз типіне жеу, жүру (көлікпен), өсу тәрізді етістіктер, фонетикалық өзгешеліктермен септелетін зат есімдер (барлығы 10

сөзге дейін) және басқа сөздер тілде өте жиі кездеседі, сондықтан олардың қате түрі әрқашан айқын білініп тұрады.

Мектепке дейінгі балалардың грамматикалық қателіктерінің түрлері
Мұндай типті грамматикалық қателердің түрлері мынадай:

1) зат есімнің көпше түрінің бірі фонетикалық вариантының орнына екіншісінің қолданылуы: «жолдар», «көлдер» типі бойынша –лар (-лер) вариантының орнына –дар(-дер) айтылады: «үйдер», «терезедер», «баладар», «машинадар»;

2) зат есімнің септік жалғауларының фонетикалық варианттары бірінің орнына бірі қолданылуы: «баладын» (баланың деудің орнына), «столқа» (столға деудің орнына), «адамты» (адамды деудің орнына), «бақшатан» (бақшадан деудің орнына), «балабен»(баламен деудің орнына);

3) стильдік жағынан бір септік жалғауының орнына екінші бір септік жалғауының қолданылуы: «үйде бардым» (дұрысы–«үйге бардым»), «машинада міндім» (дұрысы–«машинаға міндім»), «жолда бардым» («дұрысы – «жолмен бардым»), «орындыққа отыр» (дұрысы- «орындықта отыр»), «орманда кетті» (дұрысы – «орманға кетті»), «кино бардым»(дұрысы- «киноға бардым»);

4) Табыс септігі жалғауын стильдік жағынан дұрыс қолдана білмеу: «Мен кеше суретті салдым» (дұрысы – «Мен кеше сурет салдым»). «Жазуды жазды» (дұрысы – «Жазу жаздым»);

5) септелмейтін зат есімдерді септеу;

6) салыстырмалы шырайдың жасалуы кезіндегі сын есім түбірлерінде дауыссыздардың алмасуының болмауы;

7) етістіктің жіктік жалғауларын бірінің орнына бірін қолдану: тәрбиешінің қойған сұрағына орай жіктік жалғауының бір жағы жекеше түрдегі етістік 2-жақ жекеше түрде немесе 3-жақ жекеше түрде айтылады. Мысалы: -Сен көп ойнадың ба? -Иә, мен көп ойнадым. -Мына суретті кім салды? –Бұл суретті мен салды;

8) сан есіммен тіркесіп келген тәуелдік жалғауы зат есім септелгенде тәуелдік жалғауының түсіп қалуы; «ит бес күшікпен келді»(дұрыс- «ит бес күшігіен келді»), «тауық екі балапанымен келді»(дұрысы-«тауық екі алапанымен келді»).[4,30]

Әрине, балалар, әдет бойынша тілде етістіктің есімше, көсемше тұлғаларын қолдана алмайды, себебі оларды үлкендердің сөзінен сирек естиді: үлкендер балалар түсінбейді деп қорқып, бұл грамматикалық тұлғаларды аз қолдануға тырысады, бірақ сонан соң, VI класта, яғни бұл тұлғаларды оқитын кез келгенде, әдетте, балалар оларды үйренуге даярланбаған болып шығады. Осының салдарынан көптеген баланың тілі грамматикалық қатынасы жағынан алғанда жүдеу болып шығады.

Тәрбиеші балалардың диалектік қателерін те есепке алуына тура келеді, мысалы, олар баланың қай обылыста тұруына байланысты болып келетін зат есімнің ілік септік жалғауын немесе ілік септігіндегі сөзбен тіркесіп келген тәуелдік жалғаулы сөзді қолдану кезіндегі және басқа да кездердегі

кателер: менікі ойыншығым, менің ойыншық, сенікі қуыршақ, сенің қуыршақ, биздің айюым, балалардың тіліндегі диалектикалық кателерді жою баланың үйдегі ересектердің сөзінен кейде тіпті бала бақшада да үнемі естіп жүретіндіктен қиынға түседі.

Мектеп жасына дейінгі әр жас топтарында грамматикалық форманы қалыптастыру жолдары

Грамматика бойынша жүргізілетін жаттығулар балалардың осыған дейін үйреніп болған лексикалық және фонетикалық материалдарын бекітуге арналған жаттығуларымен қатар жүргізіледі. Балалар алдын ала аздаған сөз мөлшерін үйренбейінше, дыбыстарды қалай айтуды және сөйлем интонациясының ерекшеліктерін білмейінше грамматикалық жаттығулар жүргізу мүмкін емес. Балалардың тілін грамматикалық формалармен байыту олардың сөздік қорын молайту мен фонетикалық дағдыларын дамыту процесінде жүреді.

Көрсетіліп отырған жастағы балалардың тілі өте тез дамиды. Үш жасында баланың сөздік қоры 1300-1500 сөзге жетеді, төрт жасқа жеткенше ол екі есе дерлік артады. тілде предикативтік қатынастарды білдіретін (зат есімнің атау септік тұлғасы және етістіктің жіктік жалғаулары) грамматикалық құрылымдар пайда болады, етістікті меңгеру дамиды, балалар еді зат есімнің септік жалғауларын ауыстырып қолдануды шектейді: табыс септігінде (жалғаулары – ны, -ні, -ды, -ты, -ті), көпше түрдегі атау септігінде (жалғаулары -лар, -лер, -дар, -дер, -тар, -тер), кейде көмектес септігінде (жалғаулары, -бен, -мен, -пен), шамамен екі жарым жастан бастап тілде барыс пен жатыс септігі пайда болады, алайда олар жиі-жиі араласып, ауысып кетеді. Көптік жалғаулары меңгеріледі. Бала тілінде зат есімдермен қатар сын есімдер және етістіктер пайда болады. [5, 50]

Етістіктерде жаққа, рай формаларына өзгертіп айта білу алғаш ұйықтау, жеу, ән салу, беру, апару (әкелу), істеу, ойнау және т.б. тәрізді аса жиі қолданылатын 18-20-дай етістікке байланысты болып келеді. Екі жарым жастан бастап бала етістіктерді ашық рай формасында жекеше, көпше түрде айта алатын болады (айгүл келе жатыр, біз жүріп келеміз); бір қатар етістіктерді өткен шақта қолдануды қиынсынғанмен, етістіктерді шаққа өзгертіп айта алады (бердім, беремін). Бала өздік етіспен өзгелік етісті айыра отырып, оларды қолдану үстінде жиі-жиі қате жіберіп алады. Ол (мен басқышпен көтерем және мысық мияуласты); гүлдер ашты және гүлдер аңқысты деу мүмкін.

Баланың тілінде сын есімдер алғаш зат есімдермен байланыспаған күйде пайда болады, тек екі жарым жастан бастап бала байланысқан формаларды қолдана бастайды, мұндайда сын есім алғаш атау септігінде жекеше түрде болады. сын есімнің жекеше түріндегі зат есіммен барлық септіктерде байланысуын 3-4 жасқа жеткенде ғана білуі мүмкін.

Екі жарым жастан бастап кеңістіктік және басқа қатынастарды айтып беру үшін бала: үстінде, жанында, бірге деген үстеулер және ал, сондықтан, тек деген шылау сөздерді пайдаланады.



Ақтөбе облыстық ғылыми-тәжірибелік орталығы

Ақтөбе қаласы, Ленинград көшесі, 43 а

Байланыс телефоны:

8-7132-905811

e-mail: baspa@aktedu.kz